

Түркістан облысы, Келес ауданы

№ 54 Т Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

2021 – 2022 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыстардың жылдық есебі.

Педагог – психологтар: Құралбаев Д Данышбекова М

2021 – 2022 оқу жылы

№54 Т Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологтарының 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерінің, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістерді қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Психологиялық қызметтің міндеті:

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Әрбір оқушыға мақсаты айқын мәдени-өнімдік тұлға болуға әсер ету;
- Әрбір оқушының өз мінез-құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету;
- Жекелеген ауытқушылардың алдын-алу;
- Бәсеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету;

Мектептің психологиялық қызметтің негізгі бағыттары

Психологиялық зерттеу

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай –ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын-алу шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық түзету, дамыту

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселері бойынша кеңестер беру.

Психологиялық агарту

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру.

Қыркүйек айында бірінші кезекте мектеп оқушылары туралы мәлімет жинау мақсатында «Бестерек» жобасы бойынша кабинеттік талдау жұмыстарын сынып жетекшілер және әлеуеттік педагог, мектеп медбикелері «Д» есеп тұратын және мектеп инспекторынан тіркеудегі оқушылар мен отбасылар тізімі анықталып «ReFrame» тұлғалық дамыту базасына мәліметтер ендірілді.

«Бестерек» жобасының кабинеттік талдауы нәтижесінде тәуекел тобының жасыл түсі бойынша 22-оқушы, сары түсі бойынша 9-оқушы, қызыл түсі-0 деңгейінде тіркелді.

Бейімделу процесін анықтау сауалнамасының қорытындысы бойынша «Сәлеметсің бе мектеп» бейімделу ойын-жаттығулары өткізілді. Бала бойында өтетін өзгерістермен, қарым-қатынас барысындағы түсінбеушіліктер, қателіктер жөнінде ата-аналар мен сынып жетекшілерге түсіндірме жұмысы ұйымдастырылып өтті. 1-сынып оқушыларының Керн-Йрасек мектепке дайындығын анықтау тесті алынды. Нәтиже орта дәрежені көрсетті. 1- «а» сынып, 1 «ә» сынып, 1 «б» сынып.

Сынып жетекшілер мен ата-аналарға нәтижелерімен таныстырылды, «Үйде баланы білім алуын қалай ұйымдастыруға болады?» тақырыбында кеңестер берілді.

Ақпарат бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, өнер нәрімен сусындату мұғалімдердің еншінде.

Сынып жетекшілерге ұсыныс:

Оқушыларға жылы лебізбен, ықыласпен көрсету;

Оқушыларға сенім артып, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру;

Анықталған орта деңгейдегі оқушыларды жеке қолдау мақсатында сынып жетекшісі арнайы жұмыс жоспары болғаны абзал.

Қазан айында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында 5-8 сынып аралығында «Мен және менің отбасым», 9-11 сыныптар аралығында «Досы барды, жау алмас» тақырыбында эссе алынды. Эссе жұмыс бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушыларды өмірге, өмір сүруге деген көзқарасын позитивте екендігін нақтылап көрсетті. Құқық бұзушылықтың алдын алу сауалнамасы жүргізілді. 7-11 сынып оқушылары арасында зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында «Көңіл-күй» тренинг сабағы, «Тұлғалық өсу» тренинг сабақтары жүргізілді. Үлгерімі төмен оқушылардың анықтау жұмыстары жүргізілді. 11-сынып оқушыларына «ҰБТ-ке дайындығың қалай?» тақырыбында өзін-өзі бағалау, өзіне сенімділіктерін арттыру мақсатында жаттығулар, кеңестер, сұраныстар бойынша жұмыстар атқарылды. Ұлдар және қыздар жиналысы өткізіліп, ұлдар және қыздар ұйымының топбасшысы сайланды. Жоспар құрылды.

Қыздар жиналысы

«Ерте жүктіліктің алдын-алу», «Қызды қырық үйден тыю» тақырыптарында мини лекциялар оқылып, ойын жаттығулар үнемі жүргізілді.

Тәжірибе алмасу мақсатында аудандық семинар болып өтті. (№1. Есимов жом) Педагогика психологияға бағытталған психологиялық – диагностикалық сұхбат жұмыстары, сабақтан көп қалатын оқушылар және ата-аналарымен, қамқоршылықтағы оқушылармен, психологиялық жеке, топтық кеңеске сұраныс жұмыстары жүргізілді.

Қараша айында «Бестерек» жобасы бойынша «Далалық зерттеу» жұмыстары бойынша «Тәуекел тобына» енетін оқушыларды анықталды.

5-9 сыныптар аралығында «Үй, Адам, Ағаш», «Менің отбасым», «Менің отбасым гүл бейнесінде» проективті әдісі алынып, суреттерге интерпретация жасалынды. Бастауыш сынып мұғалімдермен сұхбат жүргізілді.

8-сынып оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың кері әсерлерін түсіндіру мақсатында «Қылмыссыз жарқын болашақ» тақырыбында тренинг (кеңес беру) өткізілді. «Жаңылтпаш» жаттығуы, «Сен агрессияны қалай жеңесің?» бейнеролигі көрсетіліп, оқушыларға сұрақтар қойылды. Оқушылар арасында агрессияны дұрыс жеңіп, басқара білетін оқушылар болса, «Газет» жаттығу жасайды. Бір қолымен газетті мыжып, сілкіп жырту арқылы ішкі қысымынан арылып, босаңсуды сезіне алды. «Өз мәтініңді құра» жаттығуында өз эмоциясын шығарып бақылап басқаруға үйренеді.

Психологиялық сүйемелдеу бойынша 8-10 сыныптар арасында «Өмір мені сүй, менде сені сүйем!», «Өміріңе немқұрайлы қарама!», атты тренинг ұйымдастырылып өткізілді.

Бастауыш сыныптарында жайсыз отбасынан шыққан, әлеуметтік аз қамтылған мектеп оқушыларының өмірге құштарлығын арттыру мақсатында «Қуаныш сыйлайық!» тақырыптарында тренингтер ұйымдастырып, оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, сегіту сәттері өтті.

Педагогика-психологияға бағытталған психологиялық диагностикалық сұхбат жұмыстары, сабақтан көп қалатын оқушылармен, ата-аналармен, қамқоршылықтағы оқушылармен, психологиялық жеке және топтық кеңеске сұраныс жұмыстары жүргізілді.

Желтоқсан айында: «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16-күн» іс-шарасының ашылуы болып өтті.

Кіріспе сөз “Креатив” тобы

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін – бас бостандығы және уайым кайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік тәртімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.

“Көңілді қимылдар” жаттығуы

Мақсаты : қатысушыларды бір-бірімен таныстыру, жақсы қарым-қатынас орнату, достық пен сыйластыққа баулу.

Жаттығу шарты: Қатысушылар өздерінің есімдерін айтып, қимыл-қозғалыс көрсетеді. Келесі адам көршісінің атын және қимылын қосып, өз атын-қимылын көрсетеді.

Оқушылармен жұмыс

«Сағат бойынша достар» жаттығуы

Мақсаты: оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, топ ішінде жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Нұсқау: Қазір әрқайсыларыңа жауап парақтары таратылады. Онда сағаттың суреті бейнеленген. Сендер осы әр сағат нөмірінің қасына сыныптастарыңның есімдерін жазып шығыңдар.

Әр нөмірге жазылған оқушымен келесі нұсқауларды орындандар.

1. Күлімсіреңіз
2. Қолын қысыңыз
3. Арқасынан қағыңыз
4. Комплимент айтыңыз
5. Қол бұлғаңыз
6. Көзіңізді қысыңыз
7. Қол ұстасып 3 рет секіріңіз
8. Бір тілек айтыңыз
9. Послать воздушный поцелуй
10. Массаж жасаңыз
11. Арқаларыңды сүйкендер.
12. Құшақтаныз.

Жағдаяттар шешу

- Мақсаты: Кез келген қиын жағдайдан шығуға үйрету, балаларының құқығының сақталуына, балаларына дұрыс көңіл бөлуге баулу
- Ата-аналарың сендердің қызықтарыңа қуанып бақытты өмір сүруі үшін қандай болуларың керек?
- Ата-анаңыздың қандай жақсы істерін мақтан тұтасыздар?
- Ата-аналарыңыздың қандай жағымсыз қылықтан аулақ болғанын қалар едіңіз?
- Көршің өз баласына күнде зорлық-зомбылық жасауда, сенің әрекетің қандай?

Жоғары және орта буын сынып оқушылармен жүргізілді.

Қаңтар айында мектепшілік жоспар бойынша «Адамның бақыты балада» тақырыбында психологиялық апталық өтті.

Ата-аналармен «Балаңызбен дос, сырлас бола білесіз бе?» видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмысы жүргізілді.

24.01.2022ж-29.01.2022жыл аралығында болып өткен «Адамның бақыты балада» тақырыбында психологиялық апталық.

24.01.2022ж «Адамның бақыты балада» тақырыбында жоспар құрылып бекітілді.
Безендіру жұмыстары болды. 25.09.2022ж

«Мектептің көңіл-күйі» атты стендте оқушылар және мұғалімдер өз көңіл-күйлерін жазып стендке жапсырды. Нәтижесінде позитивті көңіл-күй жоғары орында болды.

26.01.2022ж Таңғы көңіл-күй барысында оқушыларға, қай фигураны ұнатасын тапсырмасы алынды. Нәтижеде төрт бұрыш көбірек таңдалды.

Сонымен қатар «Отбасын жағдайындағы қарым-қатынасты реттеу және қалыптастыру ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналарға семинар өтті.

Семинарда ата-аналарға, балалармен тіл табысу, сөйлесу, қолдау, жанасу арқылы қарым-қатынасты дұрыс жасай білу, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгерістерді ескере отырып, сол кездегі баланың ахуалын түсіну, түсіндіру. Үлкендер тарапынан қолдау керектігі жөнінде айтылды.

Ата-аналар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар болды.

27.01.2022ж «Бақытты балалалық шак» тақырыбында сурет байқауы өтті. Әр сыныпқа тапсырмалар беріліп, орындар беріліп, марапатталды.

28.01.2022жылы «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбы бойынша психологиялық жаттығулар мен тренингтер (1-11 сыныптар аралығынды)

Мақсаты: Кәмелетке толмағандар арасында өзіне-өзі қол жұмсау, зорлық – зомбылық фактілерінің, ерте жүктіліктің алдын алу;
Оқушының мінез-құлқын дұрыс бағытқа қарай бастау үшін ең заманауи әдістер мен техникаларды ата-аналар мен педагогтарға үйрету;
Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерімен таныстыру;

Отбасылық қобалжудан арылу жолдарын үйрету;
Агрессияға бейім балалармен жұмыс жүргізу және оны болдырмау;

29.02.2022ж Ұстаздарға арналған «Психологиялық денсаулықты сақтау бойынша мұғалімдерге арналған жаттығулар», сонымен қатар кеңестер берілді.

Қорытынды Оқушылар апталықтан жақсы әсер алды. Апталыққа үздік қатысқан оқушыларға, сыйлық марапаттар берілді. Сабақ барысында жүргізген сергіту жаттығуларына ұсыныс түсті. Сабақтар барысында сергіту сәтін өткізіп тұруы жөнінде ұсыныстар қабылданды.

Қаңтар айы

Тоқсан басы 25-қаңтар күні «Адамың бақыты балада» атты психологиялық апталықтан басталды. Жоспар құрылып, бекітілді. Оқушылармен, мұғалімдер және ата-аналармен іс-шара бойынша жұмыстар атқарылды.

1-11 сыныптар бойынша «Сезімнің ішкі әлемі» атты сергіту сәттері, танымдық қабілеттерді дамытатын кинесологиялық жаттығулар жүргізілді.

Ата-аналармен «Балаңызбен дос, сырлас бола білесізбе?» зорлық-зомбылық бойынша видеоролик чаттарға жіберілді.

Ұстаздармен физиологиялық саулықты сақтайтын жадынамалар берілді. Тренингтер жүргізілді.

Жоғары сыныптарға физиологиялық – психологиялық зорлық-зомбылық құқық бұзушылық, ерте жүктіліктің алдын-алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілді. Бірлескен жұмыс (тәрбие орынбасары, әлеуметтік педагог, медбике, психолог) жүргізілді.

Ақпан айы

Сонымен қатар 2-ақпан күні өзін-өзі тану пәнінен «Сүйіспеншілік пен шығармашылық» атты апталығы басталды. Жоспар құрылып, бекітілді. Мұнда да 1-11 сынып аралығында түрлі іс-шаралар өтті. Оқушылар сурет салу, эссе жазу, ән айту, шығармашылық кештер өтті.

Мектебімізде аудандық өзін-өзі тану пәнінен семинар өтті. Онда сабақтар өткізіліп, келген ұстаздарға тренинг ұйымдастырып өткізілді.

ҰБТ – ке 11-сынып оқушыларымен жұмыстар жүргізіліп, психологиялық сүйемелдеу көрсетілді.

Ақпанда айында, 7-11 сынып аралығында оқушыларына Діни экстремизмнің алдын-алу, Буллинг, Кибербуллинг, Әлеуметтік желі, «Интернеттің пайдасы мен зияны» жөнінде видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, мектептің тәрбие орынбасары әлімжеттік, ұрыс-керіс бойынша заң аясында түсіндірме жұмысын жүргізді.

11-сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы болып өтті.

Онда ата-аналарға, сынақ-тест алдында балалардың дайындық жұмыстарына көмектесу барысында, уақытты үнемдеу, тамақ рационын дұрыстау, дұрыс қалыпты ұйқы, мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдау, баланың көңіл-күйіне басты назар аудару, ең маңыздысы баланы жақсы көретіндеріңізді білдіріп, сұхбаттасып, әңгіме жүргізіп тұру керектігіне түсіндірме жұмысы өтті.

Наурыз айы

1-наурыз Алғыс айту күніне «Мың Алғыс» атты іс-шара кең көлемде атап өткізілді. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасында тосын сый ретінде алғыстар айтылып, керемет әсерлі өтті.

2-наурыз оқушылармен Діни экстремизм бойынша түсіндірме жұмысы өтті. Видеолар өте әсерлі болды. Сонынан қыздар жиналысы жалғасып, онда қыздардың ұсынысы бойынша «Көктем аруы» атты қыз сынын өткізуді ұйғарылды.

4-наурыз күні қыз сыны өтті.

Мектебімізде пәндік апталықтар барысында, әдеби кештер жиі ұйымдастырылып өткізілді. Соның ішінде ең әсерлі апталық оқушылардың көңіл-күйі жоғары дәрежеде өткен, Технология пәні бірлестігі болды.

Спорттық жарыстар өтті. «Ұлттар татулығы ынтымақ бастауы» атты әр ұлттың салт-дәстүрлері бойынша іс-шара ұйымдастырылды.

15-наурыз аудандық «Бала психологиясын дамытуда ата-ананың рөлі» тақырыбында педагог-психологтардың семинары болып өтті.

Ғажайып Майя және оның достары. Комикс 1 сабақтарын өткізіліп, есебін аудандық білім бөліміне тапсырылды.

Токсан бойында, тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс, жеке кеңес, жеке сұхбат, үйде оқыту, сұраныс бойынша жұмыстар қоса атқарылды.

Сонымен III-тоқсан ды аяқтадық.

Оқушылардың демалысында педагогтармен тренинг өткізілді.

IV-тоқсан да, ББМЖ-сынақтары алдында дайындық жұмыстары жасалынды.

Сәуір айында 4-9 сынып оқушылармен психологиялық тренингтер, тесттер, кинезологиялық жаттығулар, зейінді дамытатын жаттығулар, жадынамалар, түсіндірмелер, мини лекциялар оқылып, жұмыстар жүргізілді.

Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша видеороликтер көрсетілді.

Ата-аналарға видеороликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары қоса атқарылды.

Сіздің балаңыз, қандай мамандық таңдайды, ата-аналарға арналған кеңестер берілді.

Қыздар және ұлдар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. (келіспеушілік, мазақ ету, әлімжеттік, қақтығыстар, тәртіп, форма мәселелері, сабаққа қатысуы бойынша әңгімелер жүргізілді).

Дайындық сыныптарынан, мектепке даярлығын анықтау мақсатында, жұмыстар жүргізу.

Үйде оқыту бойынша балаларға, мінездеме әзірлеу.

Мамыр айында, ҰБТ-ке дайындығы бойынша «Менің көңіл-күйім» тесті алынды. Түзету жұмыстары жүргізілді.

А. 10-класстарга арналган кеңестер берілді. Жыл бойына сұраныс бойынша жұмыстар атқарылды. Аулаи бұйрығына байланысты, 3-11 сынып оқушыларынан, «Зорлық-зомбылықпен басқалық шектенді» акциясы аяқталып, нәтижесі өңделіп ауданға тапсырылды.

Дайындалған:

Құрылған Д.

Дамашбекова М.

Түркістан облысы, Келес ауданы

№54 Т Рыскулов жалпы орта білім беретін мектебі

**2023 – 2024 оқу жылында психологиялық
кызмет бойынша жүргізілген жұмыстардың
жылдық есебі**


Психолог – психологтар Қарашев Д

Дамбабаева М

2023 – 2024 оқу жылы

№54 Т Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологтарының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Оқу жылындағы атқарылған барлық психологиялық іс-шараларды ұйымдастыру төменгі бұйрыққа негізделіп жасалынды. Білім ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді



2023- 2024 оқу жылында жоспар түзіліп бекітілді.

28.09.2023 жылда №1 педагогикалық кеңесте, Қазақстан Республикасы оқу –ағарту министрінің 2022-2023 оқу жылындағы 25 тамыздағы №377 бұйрығын негізге ала отырып 2023-2024 оқу жылында психологиялық құрамы құрылсын деп шешім қабылданды. Педагогикалық ұжымға жұмыс жасау барысында қарым – қатынас арақашықтығын сақтау жөнінде түсіндірме жүргізілді.

Оқушылармен диагностика жұмысын жүргізуде, ата –аналармен келісім шарт түзілді.

Жаңадан келген оқушылар туралы мәлімет топталды.

Қыркүйек Қазан айы: Бейімделу процесі бойынша 1- 5-10 сынып оқушыларымен жоспар бойынша бейімделу сауалнамасы бақылау, анықтау жұмыстары жүргізілді. 1 сынып оқушыларына «Көңіл – күй» тренинг жатығулар жүргізілді. «1 сынып оқушыларының сәтті бейімделу мәселесі» тақырыбында ата – аналар жиналысы өтті. 5 сынып оқушыларына «Көңіл – күй» тренинг жатығулар жүргізілді. «5 сынып оқушыларының сәтті бейімделу мәселесі» тақырыбында ата – аналар жиналысы өтті. Оқушылардың сабақ барысында мінез-құлқының өзгеруін бақылау және хабарлау туралы сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне кеңес берілді. Бейімделу процесі бойынша ата-

аналармен психологиялық жадынамалар, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында психологиялық сабақ 11 сынып оқушыларына өтті. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша аудандық анонимді жасырын сауалнама 5-11 сынып аралығында алынды.

Зорлық – зомбылық сауалнамасы 10-11 сыныптарға анонимды түрде алынды. «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысы өтті. «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында педагог – психологтар түсіндірме жұмысын жүргізді. 8-11 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің ертеңі» атты, «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында түсіндірме видеоролик көрсетіліп, өз ойларын ортаға салып, пікір бөлісіп, қыздар жиналысы өткізілді. «Бестерек» жобасы бойынша сынып жетекшілер мен жиналыс өтті. Мәліметтерді толтыруда анық, нақты, жауапкершілікпен өз уақытында тапсыру ұйғарылды.

«Бестерек» жобасының 1-ші кезеңі Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау мақсатында: «Кабинеттік талдау» жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл, сары – деңгейіне анықтады.

Балалардың психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында: ата-аналарға, мұғалімдерге жадынамалар, кеңестер берілді. Ата-аналарға «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі» тақырыбында, жадынама, ұсынымдар, кеңестер беріліп, жаттығулар жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. 5 сыныптар аралық «Өзінді макта», 6 сынып аралық «Менің армандарым» 7 сынып «Менің өмірім» 8 сынып «Менің айтылмаған сырларым» 9 сынып «Мен өзгерткім келеді» 10 сынып «Мен таңдаған өмір» 11 сынып «Болашаққа хат» тақырыптарында эссе жұмысы алынды. «ДААС шкаласы» тесті 8-10 сынып, «НСВ-10» тесті 5-7 сыныптарына психологиялық қобалжуын анықтау үшін 5-11 сынып оқушылары арасында «Далалық зерттеу» жұмыстары жүргізілді. Психологиялық сауалнама, аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі алынып, зерттеу қорытындысы бойынша: қорқыныш, мазасыздану, өзін төмен және өзін жоғары бағалайтын оқушылармен түзету-дамыту, кеңес беру, алдын алу, жеке әңгіме-кеңестері, жұмыстары жүргізілуде. Тәуекел тобына алынған оқушыларға жұмыс жоспары түзілді. 4 сыныптар арасында «Адамгершілік асыл қасиет» 8-9 сыныптар аралығында «Күйзелістен қалай арылуға болады» 5-7 сыныптар аралығында «Реніштен арылу» тақырыбында корекциялық сабақтар өтті. 11-сынып оқушылары арасында Аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында «Мен өмірге құштармын» тренинг, «Мамандық таңдауда адаспа» тақырыбында пікір алмасу жұмыстары жүргізілді. «Өз көңіл-күйінді қалай басқаруға болады?» видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Ұжымға, сынып жетекшілерге, жас мамандарға жағымды қарым-қатынас, көңіл-күй қалыптастыру, түсіндірме, мини-лекция, кеңестер берілді. Сынып жетекшілердің сұранысы бойынша, 7-8 сынып оқушыларының ата-аналары арасында педагогикалық білімін көтеру, баланың жас дағдарысы бойынша, түсіндірме, кеңестер берілді.

Қарапаша: Орта буын оқушылары арасында қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында: Қарым-қатынас реттеу жаттығу жұмыстары жүргізілді. 5-сыныптар бойынша «Танымдық қабілетті анықтау» диагностикасы алынды. «Бірінші рет 5-сыныпқа» психологиялық сабақ өтті. Сынып жетекшілермен біріге отырып, 5-11 сынып оқушыларынан «Үлгерімі төмен оқушылардың диагностикасы» алынды. 2-7 сынып аралықтарында, «Мен өзімді мактай аламын» атты психологиялық сабақ өтті.

8-11 сынып ата-аналары арасында: «Жасөспірімдік кезеңдегі аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында «Буллинг деген не?», «Әлімжеттік», «Зорлық-зомбылық» бойынша жадынама таратылып, онлайн түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



11-сынып оқушыларына «ҰБТ-ге психологиялық дайындық», Мамандықты дұрыс таңдау барысында «Кәсіптік бағдар, Кім болғым келеді?» өзін-өзі көтеру, өзін-өзі бағалау, сенімділіктерін арттыру мақсатында жатығулар, кеңестер, жадынамалар берілді.

Қыз балалар арасында сұраныс бойынша, 8-10 сынып «Алтын күз-2024ж» балы өтті. Жас мамандармен жұмыс. «Жас ерекшелік психологиясы» тақырыбында тренинг сабақ өтті. Ғаламтор және әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны. 10-11 сынып оқушыларымен «Интернет және кітап» атты дебат өтті. «ДосболLike» айдарымен өтті. Дарынды оқушыларға «Дарынды балалардың эмоционалдық фонының ерекшелігі» тақырыбында ата – аналарға, мұғалімдерге жаднамалар берілді.

Желтоқсан: Әскер қатарына есепке тұрушы, 2007 жылғы туылған ер балаларға мінездеме жазу мақсатында тест жұмыстары алынды. Г. Айзенгтің темперамент тесті алынды. 7-сыныптар бойынша «Танымдық қабілетті анықтау» диагностикасы алынды. Аудан бұйрығы бойынша «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16- күн белсенділік» жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылды. Флешмобтар, Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері тақырыбында сабақтар, «Бакытты отбасы балалар көзімен» шығарма. «Зорлық – зомбылықсыз өмір» дөңгелек үстел өтті.


Ауданның бұйрығы бойынша «Ішкі үйлесімділік – көңіл – күйдің бақшасы» тақырыбында психологиялық апталық. «Өзара түсіністік өнері» тақырыбында тренинг сабақ педагогтарға өтті. «Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері» ата – аналар жиналысы өтті. Жас өспірімдердің арасында жағымсыз мінез – құлықтың алдын – алу мақсатында «Қадірле, бағала, құрметте, мейрімді бол» 1-11 сыныптармен тренинг сабақ өтті.

Қаңтар: Э. Ховардтың «Стреске төзімділік» тесті 9-11 сыныптарға алынды. Кәсіби бағдарлық тестілеу «Кәсіби дайындық сауалнамасы» 9 және 11 сыныптарға диагностикалары жүргізілді.


15-19 қаңтар аралығында « Психология әлеміндегі – Мен» тақырыбында мектепшілік апталық болып өтті.



15.01.2024ж «Психология әлеміндегі - Мен» тақырыбында жоспар құрылып бекітілді. Апталықтың ашылуында, сынып оқушылары мен мектеп ұстаздары ойын жаттығулар ұйымдастырылып өткізілді. Ұтымды жауап бергендерге сый-сыйапат үлестірілді. 5-сынып оқушыларымен танымдық қабілетті арттыратын нейро жаттығулар жүргізілді. «Біздің үйдің ережелері» тақырыбында жазба жұмыстары ашыту барысында толтырылды.



16.01.2024ж «Мұғалімдердің психикалық денсаулығын сақтау» психологиялық семинар
тренинг өткізілді.



17.01.2024ж Ата-аналармен жұмыс. 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жас ерекшелігіне сәйкес түсіндірме жұмыстары мен арт терапия жұмыстарын жүргізді.



18.01.2024ж Таңғы көңіл-күй барысында оқушыларға, қай фигураны ұнатасың тапсырмасы берілді. Бастауыш сынып оқушыларымен танымдық қабілетті арттыратын, көңіл-күйді көтеретін жаттығулар мен тапсырмалар ұйымдастырып өткізілді.



19.01.2024ж Орта және жоғары сыныптар арасында түрлерін жаттықтыру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Ақпан: Жогары және орта буын оқушыларының адрессия денгейін анықтау мақсатында 5-11 сынып аралық оқушылардан «Са адрессиялы басқара аласың ба?» сауалнамасы алынып, нәтижесінде оқушылардың бойында өздерін реттеу, қарсы тұра білу, сенім арту, сабырға шықару жолдарымен таныс екендігі анықталды. Сауалнама жұмыстарында «білмеймін, ешқандай» деген жауап берген оқушылармен олардың көңіл-күйлерін қалыптастыру, реттеу жолдарын түсіндіру мақсатында жаттығу, жадынама, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бітіруші сынып, ҰБТ алдында қобалжу денгейін анықтау, Басқа Дархый «Эмоция» тесті алынып, жүйке психикалық күшті түсіру тәсілдері түсіндірме, жаттығулар жүргізілді. Жогары және орта буын оқушылар арасында діни экстримизмнің алдын алу бойынша, видеороликтер, жадынамалар, түзету-дамыту жұмыстары, 5-11 сынып арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» видеоролик көрсетіліп, түсіндірме, ата-аналармен кеңес беру, жадынама жұмыстары жүргізілді. 5-7, 8-11 сынып қыздар арасында қыздар жұмысын жандандыру мақсатында жиналыс.



Наурыз айы



Педагогтардан Баспа Даркий «Эмоции» тесті алынып,жүйке психикалық күшті түсіру тәсілдері түсіндіріме,жатыулар жүргізілді.Оқушылардың көңіл-күй,көзқарасын бақылау. Мектепшілік іс-шарата қатысу,бақылау.Сұраныс (сынып жетекшісі,пән мұғалімдері,ата-аналар) негізінде жеке және топтық кеңестер берілді. Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке және сұраныс бойынша сұхбат жүргізілді.



1-сүрөттө

Берил Нурбаева 1-сүрөттө дайындалып турган бойынша аялдаманы, объективдүү көңүл-күйдө турган турмуштун кызыктуу аралаштырылышы, окурмандардын кызыктуу реттеуү түсүндүрмө жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу

1-сүрөттө берилген жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу

1-сүрөттө берилген жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу



Түрмөкөт турмуштун кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу

Мамыр айы

Мамыр айында 3-сынып окуучуларынын кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу

1-сүрөттө берилген жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу

Жылдыз аткарылган турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу жана кызыктуу турмуштун (3-4 сыныптар аралаштырылышы) кызыктуу

Дайындалган

Түркістан облысы, Келес ауданы
№54 Т Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі


2022 – 2023 оқу жылында психологиялық
қызмет бойынша жүргізілген жұмыстардың
жылдық есебі.

Педагог – психологтар: Құралбаев Д

Данышбекова М

№54 Т Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологтарының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Оқу жылындағы атқарылған барлық психологиялық іс-шараларды ұйымдастыру төменгі бұйрыққа негізделіп жасалынды. Білім ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді



2022-2023 оқу жылында жылдық, айлық жоспарлар түзіліп, бекітіліп, жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек, қазан айында: орта және жоғарғы буын оқушыларымен: жоспар бойынша Бейімделу кезеңі бойынша: 5-11 сынып оқушылары арасында, «Бейімделу процесін бақылау, анықтау» сауалнамасы алынып, бақылау бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың сабақ барысында мінез-құлқының өзгеруін бақылау және хабарлау туралы сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне кеңес берілді. Бейімделу процесі бойынша ата-аналармен психологиялық жадынамалар, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» аудандық семинарда «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында тренинг жүргізілді. 8-11 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында түсіндірме видеоролик көрсетіліп, өз ойларын ортаға салып, пікір бөлісіп, қыздар жиналысы өткізілді. «Бестерек» жобасының 1-ші кезеңі: Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау мақсатында: «Кәбинеттік талдау» жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл, сары - деңгейіне тіркелді.....

Балалардың психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында: ата-аналарға, мұғалімдерге жадынамалар, кеңестер берілді. Ата-аналарға «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі» тақырыбында, жадынама, ұсынымдар, кеңестер беріліп, жаттығулар жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. 5-8 сынып аралық «Мен және менің отбасым», 9-11 сынып аралық «Досы барды жау алмас» тақырыбында эссе жұмысы алынды. 8-11 сынып оқушылары арасында «Аутодеструктивті мінез-құлықты және ерте жүктіліктің, отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» жиналысы жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу сауалнамасы жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар арасында ешқандай келеңсіздіктің орын алмағандығы анықталды. жұмыстары жүргізілді. Өмірді, өзін бағалау, өзін-өзі қорғай білу, Кибербуллинг дегеніміз не? туралы жадынама 5-11 сынып оқушылары арасында Далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Психологиялық сауалнама, аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі алынып, зерттеу қорытындысы бойынша: қорқыныш, мазасыздану, өзін төмен және өзін жоғары бағалайтын оқушылармен түзету-дамыту, кеңес беру, алдын алу, жеке әңгіме-кеңестері, жұмыстары жүргізілуде. 11-сынып оқушылары арасында Аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында «Мен өмірге құштармын» тренинг, «Мамандық таңдауда адаспа» тақырыбында пікір алмасу жұмыстары жүргізілді. «Өз көңіл-күйіңді қалай басқаруға болады?» видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Ұжымға, сынып жетекшілерге, жас мамандарға жағымды қарым-қатынас, көңіл-күй қалыптастыру, түсіндірме, мини-лекция, кеңестер берілді. Сынып жетекшілердің сұранысы бойынша: ата-аналар арасында «Баламен дұрыс қарым-қатынас жасай біліңіз.», «Бала тәрбиесі үлкен жауапкершілік екеніні ешқашан ұмытпа» тақырыбында өмірге деген көзқарасын кеңейту, түсіндірме, кеңестер берілді. Қыз бала тәрбиесі туралы жадынама. 8-11-сынып аралық қыздар арасында: «» видеоролик,

11-сынып оқушыларына «ҰБТ-де өзінді қалай ұстауға болады?» слайд арқылы, өзін-өзі көтеру, өзін-өзі бағалау, сенімділіктерін арттыру мақсатында кеңестер жүргізілді. Педагогикалық кеңес барысында: Мектеп ұстаздарына, сынып жетекшілерге, жас мамандарға «Сабақта кездесетін қиындықтарды жеңу жолдары» мини-лекция, кеңестер, жадынамалар және нейро жаттығулары жүргізілді. **Қараша:** Орта буын оқушылары арасында қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында: Қарым-қатынас реттеу жаттығу жұмыстары жүргізілді. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу» мақсатында жоспар бойынша аудандық мобильді топ өз жұмысын оқушылардан «Отбасылық қобалжуды анықтау» тесті, отбасы қарым-қатынасты деңгейі сауалнама, өз «менін», өз мақсатын айқындау аяқталмаған сөйлем әдістемесі, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» сауалнама жұмыстарын алып, олардың көңіл-күйлерін қалыптастыру мақсатында жаттығу жұмыстарын жүргізді. 8-11 сынып ата-аналары арасында: «Жасөспірімдік кезеңдегі аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында тренинг жаттығулары, жадынама, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, талқыланды. Мобильді топтың жүргізген жұмыстарының қорытындысы бойынша біршама оқушылар анықталды. Анықталған оқушылар бойынша топтық түзету жұмыстары, жеке әңгіме, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. 8-11 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» ата-ана тәрбиесінің әсері ма? – қыздар арасында дебат жұмысы ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын ортаға саклып, талқылау жұмыстары болып өтті. Дебат қорытындысы бойынша қыздар арасында жеке әңгімелесуге келіп, өз ойларымен бөлісті. Оқушы мен ата-ана арасындағы өкпе, реніштің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында: 5-6 сынып оқушылары арасында «Әкеге хат», «Анаға хат» тақырыбында хат жазу жұмысы ұйымдастырылды. Нәтижесінде өкпе, реніштері, алғыстары, ата-анасына рахмет айтқан оқушылар байқалып, өкпе, реніш бар оқушылармен сынып жетекшімен біргелікте түзету

жұмыстары жүргізілді. 11-сынып оқушыларына «ҰБТ-ге психологиялық дайындық» ,өзін-өзі көтеру,өзін-өзі бағалау,сенімділіктерін арттыру мақсатында жатығулар,кеңестер,жадынамаларберілді. Әскер катарына есепке тұрушы,2005 жылғы желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республикалық науқанын өткізу бойынша іс-шара жұмыстары жүргізілді.Бақытты балалық шақ тақырыбында 4-11 сынып оқушылары арасында: оқушылардың отбасына,ата-анаға деген көз қарасын,қуанышын арттыру мақсатында эссе жазу жұмыстары жүргізілді.Ата-аналар мен сынып жетекшілеріне арналған отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша семинар; «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналармен жиналыс жүргізілді.13-22желтоқсан аралығында өтілген «Жан дүние әлеміне саяхат» тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді.

Психологиялық апталық аясында біршама жұмыстар атқарылды. 13 желтоқсан күні психологиялық апталықтың ашылуы ұстаздар және 1-11 сыныптар аралығында нейрогимнастика, фантазияны дамыту, «0,1,2,3,4,5» сандарнан сурет бейнеле тапсырмасы,Мен сіздерді жақсы көремін ән айту,ұстаздарға,оқушыларға мінездеме айтылып түрлі жаттығулар ұйымдастырылды.«Өмірің тәтті болсын»психологиялық акция.Ұстаздар мен оқушыларға өміріңіз тәтті болсын деген мақсатта тәттілер таратылды

14 желтоқсан күні «Ол әлем – психология әлемі – жан туралы ғылым» тақырыбында (8- 11 сынып оқушылары) **«Бақытты балалық шақ»**тақырыбында эссе (4-7 сынып)эссе байқауы жүргізілді.**«Бақытты отбасы»** тақырыбында (4-7 сынып)**«Психология ашылмаған әлем»** тақырыбында суреттер байқауы(8- 11 сынып оқушылары)суретке қабілетті дарынды оқушылармен жұмыс жүргізіліп,оқушылар өз өнерлерін шындай түсті.

15 желтоқсан күні «Көңілі көтеріңкі ұстаздың,еңбегі де жемісті»ұстаздармен тренинг өткізілді.



20 желтоқсан күні «Ата-ана бала құқықтарының айыпсыздығы» тақырыбында ата-аналармен тренинг жүргізіліп, ата-аналар түсіндірме жұмыстарын жалғастырып, кеңестер алды.



«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алым жеттіктің алдын алу» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына семинар, түсіндірме жұмыстары мен видеороликтер көрсетілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, талқыланды.

21 желтоқсан күні «Мейірімді болса жүрек - орындар тілек» тақырыбында 3-11 сынып аралық оқушыларымен қызықты психологиялық жаттығулар ұйымдастырылды.



«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алым жеттіктің алдын алу» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына семинар, түсіндірме жұмыстары мен видеороликтер көрсетілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, талқыланды. 22 желтоқсан күні қорытынды, ұсыныстар. Аптаның салтанатты жабылуы. Апталыққа белсене қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. Оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйі – «шырша мерекесі», ән айту, би билеумен, шат көңілмен өткізілді. Оқушылар мен ата-
Қаңтар: 5-сыныптар арасында оқушылардың ақыл-ой деңгейін анықтау мақсатында Штур тесті алынып, нәтижесі бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді. Орта буын

оқушылары арасында қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында: Қарым-қатынас реттеу жаттығу жұмыстары жүргізілді. ҰБТ-ге баратын бітіруші сынып оқушыларымен қобалжу, стресске берілгіштігін айқындау мақсатында: Стресс тесті алынып, стрестен шығу жолдары жадынама, кеңес беру, сенімділікті арттыру, қалыптастыру жаттығулары жүргізілді. «Біздің отбасымыз және бала» тақырыбында: 3-6 сынып, қыз-құл балалары бар отбасымен отбасылық сұхбаттасу жүргізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Қызды қырық үйден тыю» шағын лекция, жадынама, түсіндірме жұмысы жүргізіліп, қыздар өз ойларымен бөлісті. Әскерге есепке барушы ер балалармен психологиялық зерттеу жұмысы жүргізіліп, талдама жасалды. 5-11 сынып оқушылары арасында Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу сауалнамасы алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен «Зорлық-зомбылық, буллингтің алдын алу» туралы кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар арасында «Сіздің баланыз үшін мамандықты кім таңдайды?» видеоролик көрсетіліп, кеңес, түсіндірме жұмысы жүргізіліп, ата-аналар өз ойларымен бөлісті.



Ақпан: Жоғары және орта буын оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында 5-11 сынып аралық оқушылардан «Өз агрессияды басқара аласың ба?» сауалнамасы алынып, нәтижесінде: оқушылардың бойында өздерін реттеу, қарсы тұра білу, сенім арту, сабырға шақыру жолдарымен таныс екендігі анықталды. Сауалнама жұмыстарында «білмеймін, ешқандай» деген жауап берген оқушылармен олардың көңіл-күйлерін қалыптастыру, реттеу жолдарын түсіндіру мақсатында жаттығу, жадынама, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бітіруші сынып, ҰБТ алдында қобалжу деңгейін анықтау, Басса Даркий «Эмоция» тесті алынып, жүйке психикалық күшті түсіру тәсілдері түсіндірме, жаттығулар жүргізілді. Жоғары және орта буын оқушылар

арасында діни экстримизмнің алдын алу бойынша, видеороликтер, жадынамалар, түзету-
дамыту жұмыстары, 5-11 сынып арасында «Интернеттің пайдасы мен зияны» видеоролик
көрсетіліп, түсіндірме, ата-аналармен кеңес беру, жадынама жұмыстары жүргізілді.
5-7, 8-11 сынып қыздар арасында қыздар жұмысын жандандыру мақсатында жиналыс
жасалып, жеке бас гигиенасы, кеңес берілді. 24.02. Психологиялық қызмет бойынша
«Жылу LIFE» жобасы, аптаның бір күні – психологиялық күн іс-шарасы: ұстаздармен
оқушылар арасында жағымды көңіл-күй орнату, отбасы, туыстар арасындағы қарым-
қатынас барысын нығайту, кешірімді болуға баулу, өз эмоциясын реттей білуге ықпал
жасау мақсатында жүргізілді. Іс-шара барысында керемет көңіл-
күй, сезім, қуаныш, жағымды эмоция орын алды.



20 -24.02. «Жан дүние әлемі» апталығы, ұстаздар арасында: «Ұстаздарға 5 күн, 5 тапсырма арқылы көтеріңкі көңіл-күй сыйлау» тақырыбында жүргізілген, **1-күн тапсырмасы** бойынша: ұстаздардың көңіл-күй, эмоциялық күйін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, ұжымдық бірлік, қарым-қатынастарын арттыру мақсатында Арттерапия жұмысы жүргізілді. Жұмыс қорытындысында ұжым арасында қарым-қатынас, керемет көңіл-күй, бірлік, ынтымақ, бірзділік, позитивті қатынас қалыптасты. **2-күн тапсырмасы:** Ұстаздар арасында «Доппен, секіртпе, ортаға түспек» т.б. ойындар ойнау арқылы: Ұжымға жағымды көңіл-күй сыйлау, бірзділік, ынтымақ, жағымды қарым-қатынас орнады. **3-күн тапсырмасы:** Ұстаздарға «Сыр – сұхбат, сырласу», «Тәтті шай», жас мамандармен өз тәжірибелері мен шығармашылықтарының қызығы мен қиындығы қатар жүретін, ұстаздық жолы туралы ой бөлісу, әңгімелесі, ән тыңдап көңіл-күй селт еткізу сәттері өте жоғары деңгейде жүргізілді. **4-күн тапсырмасы:** Ұстаздармен, адамның шығармашылық әлеуетін ғана емес, ішкі ойларын, мотивтерін, өзіне деген сенімділікті нығайту мақсатында: Сұлулықты сақтау би терапиясы жүргізілді. 6-сынып оқушылары арасында ұжымдық бірлік, ынтымақ, жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Мен және менің ортам» тренинг жұмысы жүргізілді. **5-күн тапсырмасы:** «Жақсы сөз – жарым ырыс» сиқырлы қоржын мектеп ішін аралап жүр, әр сыныпқа бір қапшып ілінді. Ұстаздар мен оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, жақсы сөз айтып жарысу, ең көп сөз жинақтаған қоржын- 7б сыныбы, жетекшісі А.Аятов, шара өте жоғары деңгейде жүргізілді. 10-сыныптар арасында: оқушыларға интернеттің пайдасы мен зияны туралы

түсінік қалыптастыру, дұрыс бағыт-бағдар беру. «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында психологиялық сабақ өтілді. Оқушылар өздері жасаған презентацияларын корғап, өз ойларымен бөлісті.

Наурыз: ҰБТ-ге арналған мотивациялық видеоролик көрсетіліп, сенімділігін арттыру жұмыстары мен түсіндірме берілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу «Телефонға тәуелділік» видеоролигі көрсетіліп, сынып сағаттары арқылы алдын алу жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. 8-11 сынып қыздар арасында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» кеңес беру, «Мен өмірді сүйемін, басымды саған иемін» дөңгелек үстел жүргізіліп, қыздар арасында жүргізілген жұмыс қортындысы бойынша өмірге қызығушылықтары арта түсті. Психологиялық қызмет бойынша «Жылу LIFE» жобасы, аптаның бір күні – психологиялық күн іс-шарасы: Ұстаздармен оқушылар арасында жағымды көңіл-күй орнату, отбасы, туыстар арасындағы қарым-қатынас барысын нығайту, кешірімді болуға баулу, өз эмоциясын реттей білуге ықпал жасау мақсатында «Рольдік гимнастика» жаттығулары мен тапсырмалары, «Үлкенге-құрмет, кішіге - ізет» үйде оқытылатын оқушылармен құтықтау акциясы, 5-сынып оқушылары арасында әр адам сезе біледі, қуану, шаттану, позитивті сезіну, түсінік қалыптастыру мақсатында «Сезімнің ішкі әлемі» тақырыбында тренингтер жүргізілді. Оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйі – «Өз - Наурыз мерекесі», ән айту, би билеумен, шат көңілмен өткізілді. Оқушылар мен ата-аналарға, ұстаздарға психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстар бойынша фотолар алынып, хаттамалар жазылды.



2022-2023 оқу жылының 27.03.- 07.04. сәуір аралығында өтілген «Ынтымағы жарасқан отбасы – бала қуанышы» тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді. Іс-шара аясында біршама жұмыстар атқарылды.

27.03 наурыз күні іс-шараның ашылуы ұстаздар және 1-11 сыныптар аралығында нейрогимнастика, Менің әлемім, Аффирмация айту, өзін-өзі тану – эксперимент

жаттығулары арқылы Ұстаздарға, 10-11 сынып оқушыларына мінездеме айтылып түрлі жаттығулар ұйымдастырылды. «Позитивті көңіл-күй стенді» тақырыбында қызықты психологиялық тілектер ұйымдастырылды.

28.03. 1. «Бақытты отбасы» тақырыбында эссе байқауын 7-11 сынып оқушыларымен қазақ тілі пән мұғалімдері өткізіп, үздік жазған оқушылар іріктелді. 5-7 сынып аралығында оқушылардың ішінде өте жақсы жазылған оқушылар марапатталды.

29.03. «Мен және менің ортам» тақырыбында: Өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін –өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, «Мен» концепциясын қалыптастыру мақсатында, тренингтер сабақтары ба, 8-9-, 10 сынып оқушылары арасында жүргізілді.

30.03. «Бақытты балалық шақ», «Өзің таңдаған өмір» тақырыбында суреттер байқауы 1-11 сыныптармен суретке қабілетті дарынды оқушылармен бейнелеу пән мұғалімдері жұмыс жүргізіп, туындылардан өте жақсы салынған суреттерді саралап, мадақтама қағазымен марапаттады.

31.03. «Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек» тақырыбында эссе байқауы 5-11 сыныптар аралығында жүргізілді, үздік жазылған эссе іріктеліп, оқушылар марапатталды.

03.04. «Отбасы – шағын мемлекет» тақырыбында мектептің кәсіби бағдар бойынша маманы К.Байтасованың ұйымдастырылуымен дөңгелек үстел жүргізіліп, оқушылар өз ойларымен ой бөлісіп, пікірлерін айтты.

04.04. «Қарым-қатынас құруды үйренейік» тақырыбында: Бала тәрбиесі дамуындағы басты роль атқарушы – отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу мақсатында семинар тренинг ата-аналармен сынып жетекшілер арасында жүргізіліп, ата-аналарға өздеріне қажетті мағлұматтар алды..

05.04. «Үлгілі отбасы байқауы» ата-аналармен мектептің педагог-ұйымдастырушысы М.Бекназарованың басшылығымен өте әсерлі өтті.

06.04. «Мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы және оның оқу-тәрбие процесіндегі ықпалы тақырыбында дебат 9, 10, 11 сынып оқушыларымен оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері мен жетістіктері туралы біршама ой қозғау болып, талқыланды.

10.04.- 10.05. аралығында өтілген «Бала өмірі – асыл қазына» тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді. Іс-шара аясында біршама жұмыстар атқарылды.

10.04.2023ж. күні іс-шараның ашылуы ұстаздар және 1-11 сыныптар аралығында нейрогимнастика, Менің әлемім, Аффирмация айту, өзін-өзі тану – эксперимент жаттығулары арқылы Ұстаздарға, 10-11 сынып оқушыларына мінездеме айтылып түрлі жаттығулар ұйымдастырылды. Жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдылану мақсатында: 8«ә»-сынып оқушылары арасында «Пікірталас – ұрыс емес» тақырыбында психологиялық сабағы өтілді.

11.04.2023ж Тәлім алушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету; Рефлексивті механизмді белсендіру мақсатында: 7«а»-сынып оқушылары арасында «Ашу-ызаны білгенде не істеу керек?» тақырыбында психологиялық сабағы жүргізілді.

12.04.2023ж Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту; Бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту; Қарым-қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамыту; Әлеуметтік ықтимал қауіпті жағдайларды айыра білу қабілеттерін қалыптастыру; Әлеуметтік қауіп жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту мақсатында:

6«а,б»-сынып оқушылары арасында«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тақырыбында психологиялық сабақ,жаттығулар,кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

13.04.2023ж Өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынасты дамыту; Рефлексияны дамыту, Тәлім алушылардың сенімділік сезімін көтеру,қалыптастыру мақсатында:

9 «а,б»-сынып оқушылары арасында «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында психологиялық сабағы,жаттығулар жүргізілді.

14.04.2023ж. Өз -өзін ұстай білуге үйрету; басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің кайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.

7«а,ә»-сынып оқушылары арасында«Реніштен арылу» тақырыбында психологиялық сабағы өтілді.

20.04.2023ж.«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктері туралы айту,үйрету.

7«ә»-сынып оқушылары арасында:«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында психологиялық сабағы,түсіндірме,кеңес жұмыстары берілді..

20.04.2023ж. • балалардың құқық туралы түсінігін қалыптастыру;топ жұмысын балалардың өздерінің қорытындылауын нақтылау мақсатында:

7«ә»-сынып оқушылары арасында «Менің құқықтарым» тақырыбында психологиялық сабағы өтілді.

24.04.2023ж Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-11 сынып қыздар арасында « Ерте жүктілік,орны толмас қателіктің алдын алу,әр қыздың өмірі,ертеңі жарқын болуы тиіс» тақырыптар бойынша сұрақ-жауап,түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Әрбір аталған сұрақтар төңірегінде қыздар өз ойларын ортаға салып,пікір алмасты.

25.04.2023ж Жағымды көңіл-күй өрісін дамыту,қатысушылардың сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету. «Ой», «сезім», «мінез-құлық»түсініктеме жіктелуі, топтың ынтымақтастығын арттыру. 9«б»-сынып оқушылары арасында «Ой,сезім,мінез-құлық» тақырыбында психологиялық сабағы өтілді.

25.04.2023ж Өтініш жасалған жағдайда қатысушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту; • бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру; • вербальды және нақты қарым-қатынас жасауды дамыту; 9«ә»-сынып оқушылары арасында «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым» тақырыбында психологиялық сабақ,жаттығулар жүргізілді..

27.04.2023ж.

Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру,жолдары туралы кеңес беру,түсіндірме беру мақсатында:

Үйініп оқушыларымен «Күйзелістен қалай кұтылуға болады?» тақырыбында психологиялық сабақ,8-11 сыныптар арасында«Эмоция және сезім»тақырыбында өзіңнен баста іс-шарасы жүргізілді.

03.05.2023ж Жас мамандар арасында, «Мафия» ойыны катысушылардың ішкі интуициясын,ситуациялық жағдайлардан шыға білуге, ұжымның әлеуметтенуіне және бейімделуіне ықпал ету мақсатында,ұйымдастырылып жүргізілді.

04.05.2023ж 9-11 сынып оқушылары арасында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында:Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ,ерте жүктіліктің алдын алу,ҰБТ-ге психологиялық қолдау:тренинг жаттығулар,мини-лекция,кеңес,видеороликтер көрсетіліп,сұхбаттасу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылармен жүргізілген психологиялық сабақтар,түсіндірме,кеңес беру,түзету жұмыстары барысында өмір сүру қауіпсіздігін,өмірді бағалай білу,дұрыс қарым-қатынас жасау жолдарын түсініп,өздері реттеу жолдарын меңгерді.

11.05.2023ж. 11 –сынып оқушыларының ата-аналар және мұғалімдер арасында: ҰБТ-ге оқушыларға барлық жағдай жасалу жолдары,психологиялық тұрғыдан қолдау, кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді

12.05.2023ж. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу,Зорлық-зомбылықсыз балалық шақтың алдын алу мақсатында: «Мен буллингке қарсымын» челенджі жүргізіліп,оқушыларға түсіндірме, «Әлімжеттік әлсіздің ісі» тренинг жаттығулары, «Гелий Хелиум»видеосы көрсетілді,драматерапия жағдаяттарға түсу,буллингтің алдын алу қағидаттары айтылды,кеңес беру,түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

19.05.2023ж 11-сынып оқушыларымен «Білім сынақтары алдында психологиялық қолдау,сүйемелдеу» мақсатында: «ҰБТ –ға сеніммен барайық» тақырыбында тренинг,жаттығулары,кеңес беру жұмыстары жүргізіліп,оқушылар психологиялық қолдау,жағымды ахуалды,өмірге көзқарасы артып,өздерін қолайлы сезінді. аналарға,ұстаздарға психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде.

Педагог-психолог:

Данышбекова М

Құрпалбаев Д